

«Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

## ХАТТАМА №1

Шымкент қаласы

17.02.2022 ж.

**Күн тәртібінде:** Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен күрес қағидалары

Қатысқандар : - 38 адам

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша: №2 Оңалту орталығы комплаенс офицерінің міндетін атқарушы Избаева Д.Д. баяндама жасады:**

Жалпы «Сыбайлас жемқорлық» түсінігі (латынша corruptio) — ақшага сатып алу және саяси қайреткерлерді, мемлекеттік шенеуніктерді, лауазымдық тұлғаларды сатып алу дегенді білдіреді. Сыбайлас жемқорлық (лат.corruptere) біреуді ақшамен немесе басқа да материалдық құндылықтармен сатып алу.

Рим құқығында «corruptere» түсінігінің мағынасы—жалпылап айтқанда «сындыру, бұлдиру, бұзу, зақымдау», «параға сатып алу» және сот процесінде заңсыз әрекеттенуді білдірді. Нәтижесінде мақсаты - сот процесіне немесе қоғамдағы істерді басқару процесіне бөгет болатын, бірігіп әрекет жасайтын (екі адамнан кем емес) тұлғалардың әрекеті деген түсінік пайда болады.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – занда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүліктік иғілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүліктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа байланысты (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық), Қазақстан Республикасы 2015 жылы 18 қараша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Занында көрсетілген, сонымен қатар басқа да занда бекітілген сыбайлас жемқорлық немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын әкімшілік және қылмыстық іс-әрекетке байланысты тәртіп жауапкершілік қарау белгіленген.

Занға сәйкес аталған қағидалар олар: -мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті, лауазымды, сондай-ақ олардың қатарына жататын басқа адамдардың құқықтарын және еркіндігін КР Конституциясының 39 бабы 1 тармағына сәйкес шектеу, жеке және занды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен занды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықтың зиянды салдарын жою және алдын алу, сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықпен күреске ықпал жасайтын азаматтардың жеке қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызметке бақылау жасайтын жеке және занды тұлғаларға мемлекеттік реттеу өкілеттігін беруді болдырмау делінген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күн талабы. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз - бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты деп айтқан еken кезінде Arrestotель ғұлама. «Кез келген мемлекеттік құрылыштағы басты нәрсе - бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыштар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген ежелгі ойшыл ғалым. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Улken әлеуметтік қасіret болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Баяндаған Избаева Д. 